

Ұлы Жеңіске - 61 жыл

Ауыпдың үлкен кішісі Жүмекең деп атап кеткен. ауыл адамдары қадір тұтатын осынау қарапайым адамның бар саналы ғұмыры ұрпақ тәрбиесіне арналыпты.

1917 жылы дүниеге келген Жүмекең ақсақал 1931 жылы Ақсу колхозында еңбек жолын бастады. Ауыл шаруашылығының қат-қабат жұмыстарына қоян-қолтық араласа жүріп жеті жылдық мектепті бітірді.

жыл жемісті еңбек еткен Жүмекең ұлын уяға, қызын қияға қондырып, немере, шебер е сүйіп отырған батагөй ата.

Ел басына күн туған Ұлы Отан соғысы кезінде қолына қару алып, көппен бірге ел қорғауға аттанған ардагер 1943 жылы Тамбов жаяу әскер училищесіне әскери комиссариаттың жолдамасымен барып, училищені 1944 жылы үздік аяқтап шық-

қадірінше үлес қоса жүріп, шәкірттерін білім берумен бірге еңбек етуге де баулыды. Қазіргі музыка мектебінің жанындағы ағаштарды өз қолымен отырғызған еді.

Облыстық, аудандық халық сотының Заседателі болып, адам тағдырына да араласты. Жүмекеңнің қоғам алдындағы еңбектері орынды бағаланып, 1966 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Ұстаз еңбегі шәкіртімен бағаланады десек, қырық жыл білім беру саласында жемісті еңбек еткен Жүмекеңнің алдын көріп, білім нәрімен

с у с ы н д а ғ а н шәкірттері бүгінде кең байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде әр салада еңбек етуде. Иә, ұстаз үшін шәкірт әркез мақтаныш. Жүмекең де өзінің алдынан білім алған кешегі шәкірт, бүгінгі елімізге танымал азаматтарды мақтан тұтады.

- Сексен тоғыз жас сегіз минуттай болмай өте шықты, шырағым, - дейді Жүмекең ойлана. Осы ғұмырымда талайды бастан өткерген екенмін. Соның ішінде есіресе, өзін ерлікке балайтын екі оқиғаны атап өткім келеді. Оның бірі - сонау соғы-

ситлершілердің коммунистерді бірден атқаны тарихтан белгілі жай. Осы екі оқиғаны өз өмірімдегі жасаған ерлігім деп айтар едім, - дейді Жүмекең ақсақал.

Иә, сексеннің сенігіне серек шыққан ұлағатты ұстаз, ауылдың қадірменді ақсақалы Жұматай Құтжанұлы бөйбішесі Рәш апаймен он бала тәрбиелеп өсірген аяулы ата-ана. Көп жылдар бойы ұстаз болып еңбек еткен марқұм Рәш апай егеменді еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтан көп бағалы ана ретінде құттық тау хат та алған еді. Бұл да ұстаздар ұясының мақтанышы болатын.

Жоғары, арнаулы орта білімді балалары әр салада жемісті еңбек етіп жүр. Соның ішінде есіресе, техника ғылымдарының кандидаты Әйкенің орны бөлек.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтқандай саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған Жүмекең ақсақал қазір де өзінің өмірден көріп-түйгенін кейінгі ұрпаққа еңгімелеп оларды отаншыл болуға, егемен еліміздің болашағы үшін қажымай-талмай білім алып еңбек етуге баулиды. Жастармен өткізіліп тұратын дәстүрлі кездесулерде, Отан алдындағы борышын өтеуге аттанып бара жатқан жастарды әскер қатарына шығарып салу рәсімдерінде үнемі ақыл кеңесін айтып отыратын Жүмекеңді ауылдастарының үлкен-кішісі «мұғалім» дейді. Бұл сөзде ұстазға деген құрмет те, алғыс та жатқан дай.

Серғазы ҚАБЫЛДАҰЛЫ,

СОҒЫС ЕТІЛІС



СОҒЫС СОЛДАТЛЫ

1937 жылы Ақмола педагогикалық училищесіне оқуға түскен Жүмекең ақсақал училищені үздік бітіріп, туған ауылға қайтып оралды. 1940 жылы аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепке келген Жүмекең ақсақал алғашқыда пионер вожатый, кейін мұғалім, директор болып еңбек етті.

Еңгімімізге арқау болып отырған Жүмекең ақсақал - Жұматай Құтжанов бүгінде сексеннің сенігіне шығып отыр, Жас ұрпаққа білім беру саласында қырық

ты. Соғыстың қайнап тұрған кезінде атқыштар взводының командирі дәрежесінде майданға кіріп, майдан жорықтарында көрсеткен ерліктері үшін көптеген медальдармен, «Богдан Хмельницкий» орденімен марапатталды. Одер өзенінің жағасында болған кескілескен ұрыста жараланып, елге оралған Жүмекең 1945 жылы мұғалімдік қызметіне қайта кірісті. Еңбек ете жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты.

Соғыстан кейінгі қираған халық шаруашылығын қалпына келтіруге белсене атсалысты. Ауылдың өсіп-өркендеуіне қал-

стың қайнап тұрған кезінде ауылдан ұзап шықпаған балаң жігіттің танымайтын Тамбов қаласына әскери комиссариаттың жолдамасымен оқуға баруы дер едім. Қазіргі жастарымыздың бойында жігер жетпей жатады-ау деймін. Отан алдындағы борышын өтеуден бас тартатын кейбір жастарымыздың ісіне қарыным ашады.

Екіншісі - Сол Тамбов әскери училищесін бітірген 125 кіші командирлердің арасынан майданға партия қатарына өтіп, коммунист болып аттанғаным Соғыс кезінде фашистік